

**Мемлекеттік Даму банкісінің жарғысын бекіту туралы <\*>**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 21 қараша 1994 ж. N 1314. Қаулының атауына және 1-ші тармағына өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.07.05. N 923 қаулысымен. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996.02.15. N 208 қаулысымен.

"Мемлекеттік Даму банкісін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 6 қыркүйектегі Жарлығы орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

<\*>

Мемлекеттік Даму банкісінің беріліп отырған Жарғысы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 21 қарашадағы  
N 1314 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісінің  
(Қазақстанның даму банкі)

Жарғысы

I. Жалпы ережелер

Осы Жарғы "Қазақстанның Республикасындағы банктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілері негізінде әзірленген.

1. Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі (Қазақстанның даму банк), бұдан әрі "Банк" делінеді, мамандандырылған мемлекеттік инвестициялық банк болып табылады және Қазақстан Республикасының біртұтас банк жүйесіне кіреді.

Банк құру туралы хабар баспасөзде жарияланады.

2. Банк мемлекеттік және мемлекеттік кепілдік арқылы тартылған қаржы ресурстары есебінен жүргізілетін инвестициялық қызметті жетілдіру және тиімділігін арттыру мақсатында құрылып отыр.

Банк Қазақстан Республикасының кепілдігімен алынатын орта мерзімді және ұзақ мерзімді инвестициялық кредиттер жөнінде Қазақстан Республикасының атынан заем алушы, сондай-ақ, осы кредиттерге қызмет көрсететін агент бола алады. <\*>

Ескерту. 2-ші тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРМҚ-нің 1995.07.05. N 923 қаулысымен.

3. Банк өз қызметінде "Қазақстан Республикасындағы банктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі құру туралы" 1994 жылғы 6 қыркүйектегі N 1849 Жарлығын, басқа да қолданылып жүрген заңдар мен нормативтерді, халықаралық нормаларды, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін және осы Жарғысын басшылыққа алады.

4. Банк заңды тұлға болып табылады, толық шаруашылық есеп принциптеріне сүйеніп қызмет атқарады, оның дербес балансы болады, банк операцияларын жүргізуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі лицензиясының негізінде жүзеге асырады.

5. Банк өз міндеттері бойынша өзінің қарауындағы барлық мүлкімен жауап береді.

6. Банктің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген дөңгелек мөрі, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өз атауы жазылған штамптары, бланктері, эмблемасы болады.

7. Банктің орналасқан жері - Алматы қаласы.

## II. Банктің негізгі функциялары

8. Банк мынандай функцияларды:

- елдің экономикалық дамуының Қазақстан Үкіметі айқындайтын басымдылықтарына сәйкес тиімді инвестициялық жобаларды мемлекеттік және мемлекеттік кепілдік арқылы тартылған қаржы ресурстары есебінен қаржыландыру және кредиттеу;

- басымдықты инвестициялық жобаларды, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламалар мен жобалары бюджеттен қаржыландыруға қызмет көрсету;

- Қазақстан Республикасы алатын және кепілдік беретін орта мерзімді және ұзақ мерзімді шетелдік кредиттерге қызмет көрсету; <\*>

- Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарында көзделген және Қазақстан Республикасы алатын, сондай-ақ кепілдік беретін орта мерзімді және ұзақ мерзімді шетелдік кредиттер есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың тиімділігі мен валюталық қайтымдылығына жеке сараптама

жүргізу;

<\*>

- өз қаражаты немесе тартылатын кредиттік ресурстар есебінен қаржыландырылатын жобаларды ұйымдастыру және сараптама жүргізу.

<\*>

Ескерту. 8-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің  
1995.07.05. N 923 қаулысымен.

9. Өзінің функцияларын орындау үшін Банк шарттық негізде отандық және шетел фирмалары мен мамандарын тартуға хақылы.

### III. Банк операциялары

10. Өз функцияларын орындау үшін Банк мынадай операцияларды:

- инвестициялық жобаларын кредиттеу және қаржыландыру;
- тартылған кредиттер бойынша кепілдіктер беру және шетел кредиттерін алу;
- заңды көзделген тәртіп бойынша облигациялар және басқа борышкерлік міндеттемелер шығару;
- бағалы қағаздар сатып алу, сату мен сақтау және олармен қолданылып жүрген заңда көзделген басқа да операциялар жүргізу;
- сенім операцияларын жүзеге асыру;
- кәсіпорындардың арнаулы несие шоттарына жүргізу;
- инвестициялық жобалар мен шетел кредиттерін бюджеттен қаржыландыруға қызмет көрсетумен байланысты төлемдерді жүзеге асыру;
- Банк қызметінің ерекшеліктеріне байланысты консультациялық қызмет көрсету;
- қолданылып жүрген заңдарда көзделген басқа да банк операцияларын жүргізу сияқты қызметті атқарады.

11. Банк кәсіпорындар мен ұйымдардың тапсыруы бойынша қаржы және шаруашылық органдарында олардың мүддесін білдіре алады.

12. Банктің өз қызметін пайдаланушылармен және басқа контрагенттермен қарым-қатынасы шарттық негізде құрылады.

13. Банк:

- кредит алған кәсіпорындар мен ұйымдардан есептер, баланстар және олардың төлем қабілетін, сондай-ақ берілген кредиттермен қамтамасыз етілуін қуаттайтын құжаттар алып отыруға;

- Банк берген кредиттің жүзеге асыру көзделіп отырған объектілердің құрылысы, оларды кеңейту, қайта жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі жобалық шешімдерге сараптама жүргізілуді талап етуге;

- кредит шартында көзделген міндеттемелерді бұзған кезде, есептің дұрыс берілмегені немесе бухгалтерлік есептің бетімен жіберілгені анықталған жағдайда одан әрі кредит сомасын мерзімнен бұрын өндіріп алуға;

- заңдарда белгіленген жағдайларда кәсіпорындар мен ұйымдарды

төлем қабілеті жоқ деп жариялауға, белгіленген тәртіп бойынша оларды қайта құру жөнінде ұсыныстар енгізуге хақылы.

14. Өз функцияларын орындау үшін Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің лицензиясында көзделген және Банктің өз қызметінің ерекшелігі міндеттейтін басқа да операцияларды жүзеге асырады.

#### IV. Банктің қаражаты

15. Банктің мүлкі мемлекет бөлетін қаражаттан және Банктің өз қызметінен түсетін пайданың бір бөлігінің есебінен құралатын қаражаттан тұрады.

Мемлекет Банкке мүлікті иеленуге, пайдалануға және жедел басқаруға береді.

16. Банктің Жарғылық қоры екі миллиард сомасында белгіленіп отыр.

Банктің Жарғылық капиталының 100 проценті мемлекеттің қолында болады.

Жыл сайын мемлекет Банктің Жарғылық қорын ұлғайту және кредит

ресурстарын құрау үшін республикалық бюджеттен қаражат бөліп отырады. Сонымен қатар Банк басқармасының Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес Жарғылық қорын өсіру туралы шешім қабылдау құқығы бар.

17. Банк өз функцияларын орындау және өзінің дамуы үшін қажетті қорлар құруға хақылы.

18. Қорлардың қаражатын құру және пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік актілерімен реттеледі.

#### V. Пайданы бөлу

19. Банктің пайдасы өзіндік құнға жатқызылған шығыстар, сондай-ақ заңдарға сәйкес төлемдер алынып тасталғаннан кейін қалған оның қызметінің барлық түрлерінен түскен кірістерден құрылады.

Банктің пайдасы жылдық есеп бекітілгеннен кейін Банк Басқармасының шешімі бойынша бөлінеді.

20. Банктің түскен пайданың бір бөлігінен өндірістік және әлеуметтік даму, сондай-ақ еңбекке ақы төлеу және банк қызметкерлерін материалдық ынталандырудың басқа түрлері жөнінде қорлар құруға құқығы бар.

Еңбек ақы төлеу мен материалдық ынталандырудың басқа түрлерінің деңгейін Банк өздігінен белгілейді.

#### VI. Банктің құрылымы және басқару органдары

21. Өз функцияларын жүзеге асыру үшін Банктің Басқармасы, Директораты және басқа құрылымдық бөлімшелері болады.

22. Банкті басқарудың жоғарғы органы Төраға басқаратын Басқарма болып табылады.

23. Банк басқармасы жеті адамнан тұрады.

Банк басқармасының құрамына Банктің Төрағасы және оның екі орынбасары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілдері кіреді.

Банк Басқармасының дербес құрамын және оның өкілеттігінің мерзімін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Банк басқармасының мүшелері міндеттерін атқарудан Банк Басқармасы Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімімен босатылады.

24. Банк Басқармасы:

- елдің экономикалық дамуының Қазақстан Үкіметі айқындаған басымдықтарына сәйкес мемлекеттің және мемлекеттің кепілдігіне тартылатын қаржы ресурстарының есебінен инвестициялық жобаларды қаржыландыру мен

кредиттеу саласындағы Банк қызметінің стратегиясын әзірлейді;

- Банктің қызметіне қатысты нормативтік актілерді бекітеді;
- Банк операциялары бойынша проценттің ставкаларды белгілейді;
- Банктің жұмысы туралы есепті, жылдық байланысты, пайда мен шығынның есебін қарайды. Банктің жыл сайынғы есебін бекітеді;
- бас бухгалтерді, департаменттің директорларын, филиалдар мен өкілдіктердің басшыларын, сондай-ақ банктің, оның филиалдарының құрылымы мен штат кестесін бекітеді;
- кредиттер беру мен қаржыландыру жөнінде шешімдер қабылдайды, сол сияқты Банк атынан кепілдеме береді.

25. Банк Басқармасы егер оның мәжілісіне мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысып отырса, қарауына ұсынылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға хақылы. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Шешім қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең жарылған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші дауыс алады.

Басқарма Төрағасы бір апта мерзімнен кешіктірмей Басқарманың шешімін өзінің келіспейтін тұстарын көрсетіп, қайталап талқылау мен дауыс беру үшін қайтарып беруге хақылы. Егер Басқарма мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің дауысымен Басқарма қабылдаған шешімді бекітетін болса, онда Басқарма Төрағасы шешімге қол қояды.

26. Банк Басқармасының мәжілістері қажетіне қарай, бірақ кемінде тоқсанынан бір рет өткізіліп отырады.

Басқарма Төрағасы Басқарма мүшелерінің кемінде үштен бірінің өтініші бойынша Басқарма мүшелерін кезектен тыс мәжілістерге шақыруға хақылы.

Басқарма мәжілістері жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей алдын ала жасалған құлақтандырулар бойынша өткізіледі.

27. Банк Басқармасының Төрағасы қызметке Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалады және қызметтен босатылады.

Банк Басқармасының Төрағасы өз өкілеттігінің шегінде Банк қызметі үшін толық жауап береді.

Басқарма Төрағасы Банк Директоратының мәжілістерін жүргізуге хақылы.

Басқарма Төрағасына Банк қызметінің жедел және атқарушылық-әкімшілік мәселелері бойынша шешімдер қабылдау, Банктің атынан контракттар жасасу, барлық заңдық рәсімдерге Банктің атынан өкілдік ету өкілеттіктері берілген. Осы аталған өкілеттіктерді орындауды Басқарма Төрағасы өздігінен Банк қызметкерлерінің арасындағы сенім білдірген адамдарына жүктеуге хақылы.

Банк Басқармасы Төрағасының орынбасарлары қызметке Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен тағайындалады және қызметтен босатылады.

28. Банктің жедел басқару органы атқарушы директор (Банк Басқармасы Төрағасының бірінші орынбасары) басқаратын Банк Директораты болып табылады.

Осы Жарғыға сәйкес Директорат Банк Басқармасы мен Басқарма Төрағасының құзырына кіретін мәселелерден басқа Банктің қарауындағы барлық мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

Директорат мәжілісі қажетіне қарай, бірақ кемінде айына бір рет өткізіліп тұрады.

Директораттың дербес құрамын Банк Басқармасы Төрағасының ұсынуы бойынша Банк Басқармасы бекітеді. Банк Басқармасы Төрағасының орынбасарлары Директораттың құрамына лауазымы бойынша кіреді.

29. Алдына қойылған міндеттерді орындау мақсатында Банк белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында, сонымен қатар одан тыс жерлерде филиалдарын (бөлімшелерін), өкілдіктерін құрады.

Банктің филиалдары (бөлімшелері), өкілдіктері заңды тұлғалар болып табылмайды және олардың дербес балансы болмайды, әрі олар жасаған шаруашылық қызметтің жеке баланстары Банктің жиынтық балансына енгізіледі.

Филиалдар (бөлімшелер), өкілдіктер Банк өздеріне табыстаған құқықтар шегінде және Банк Басқармасы бекіткен осы мекемелер туралы Ережеге сәйкес өз қызметтерін жүзеге асырады.

Банктің шетелдерде ашылған филиалдарының (бөлімшелерінің), өкілдіктерінің қызметі орналасқан елінің заңдарымен реттеледі.

## VII. Банк аудиті

30. Банк Басқармасы бекіткеннен кейін жылдық баланс, пайда мен шығын есебі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен Қаржы министрлігіне табысталады, сондай-ақ баспасөзде жарияланады.

31. Банк балансының сәйкестігін және оның барлық операцияларының заңдылығын қуаттау мақсатымен жыл сайын тәуелсіз аудит жүргізіледі.

Аудит жүргізу үшін республикалық және шетелдік аудиторлық фирмаларды таңдап алу Банк Басқармасының шешімімен жүзеге асырылады.

32. Банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

33. Банктің операциялық (қаржы) жылы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.

## VIII. Банктің қызметін доғару

34. Банктің қызметін доғару, не болмаса оның заңдылық мәртебесін өзгерту Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

35. Банкі тарату туралы шешім қабылданған жағдайда Үкімет комиссиясы құрылады, ол Банкті таратудың принциптері мен тәртібін белгілейді.

Банкі тарату туралы хабарландыру баспасөзде жарияланады.